

**Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-
мемориалдық музей-қорығының
2022 жылы атқарған іс-шаралар туралы
ЕСЕП**

2022 жылы жалпы музейге келушілер саны – 82723 адам. Жалпы жүргізілген экскурсия саны - 3249. Ақылы келушілер саны - 63000 адам, ақысыз келушілер саны – 19723 адам.

Биылғы жылы қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық, Әсет Найманбайұлының 155 мерейтойына арналған республика, өңірлік, қалалық, аудандық мәдениет мекемелері, ЖОО, колледж студенттеріне, мектеп оқушыларына онлайн, видео экскурсиялар, офлайн экскурсиялар жүргізілді. Видео экскурсиялар мен онлайн экскурсиялар музейдің әлеуметтік желілері мен youtube каналдарында, zoom платформасында жүргізілді.

Жалпы көрме саны – 74. Жылжымалы көрмелер саны -30. Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласында «Абай – туысқан халықтар мұрасы» көрмесі жылжымалы көрмесі ұйымдастырылып, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арнайы қатысты. Астана қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы мектептің ашылу салтанатында «Қазақты әлемге танытқан тұлға», А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл мерейтойына орай «Ұлт ұстазы» көрмесі, Павлодар қаласы Г.Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейінде «Қазақты танытқан – Әуезов әлемі», «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК қарасты Алматы музейінде «Абай мұрасы – халық қазынасы» атты жылжымалы көрмесінатап айтуға болады. 2022 жылғы жоспарға сәйкес музейден тыс көрмелер жоспарланып, Egov «Ашық деректер» мемлекеттік порталына қойылған болатын. Орал қаласында «Семей десе, Абай деп қарайды адам...», Қарағанды, Петропавл, Аягөз қалаларына жылжымалы көрмемен барып қайтты.

Наурыз айында «Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті» ұранынымен әр түрлі форматтағы __8__ шара: «Көрісу күні», «Зере әженің ертегілері. Ертегілер әлеміне саяхат», Семей қаласының орталығында Наурыз мерекесіне орай көрме ұйымдастырылып, «Ұлттық киімдегі ұжым эстафетасы», «Жидебай қорығы», «Абай музей-үйіндегі наурыз», «Ұлыстың ұлы күні Наурыз» мерекесіне арналған кітап көрмесі өткізілді.

Музейде 22 дөңгелек үстел, 11 сайыс, байқаулар, 49 мәдени-танымдық шара, 96 дәріс ұйымдастырылды.

Бұл бағытта мынадай ақпараттық жұмыс жүргізілуде: Абай музейінің истаграм, фейсбук аккаунттары мен youtube каналында 12 айда өткен шаралар мен онлайн шаралар, видеолар орналастырылған.

Республикалық «Егемен Қазақстан», «Jas Qazaq», «Ана тілі», өңірлік «Семей таңы», «Вести семей», жергілікті «Ертіс өңірі» газеттерінде өткізілген іс-шаралар туралы мақалалар жарияланып, «Semey», «Хабар», «24 kz», «Qazaqstan», «ТБК-6», т.б. телеарналарға, «Әдебиет», «Kazmuseum» т.б. интернет сайттар мен порталдарға сұхбаттар берілді. Сондай-ақ ҚР Мәдениет

министрлігінің, Семей қаласының мәдениет бөлімінің интернет порталында өткізілетін шаралар жоспарлары жарияланып, «Egov» Үкіметтік порталында өткізілетін көрмелер кестесі қойылды. Ғылыми қызметкер Қ.Қиықбай «Semey» телеранасымен бірлесіп «Менің Абайым» телевизиялық жобасын іске асырды.

2022 жыл басынан әлеуметтік желіде 406 ақпарат жарияланған.
оның жалпы қаралым саны – 238187
оның ішінде: фейсбук парақшасында - 18889
инстаграм парақшасында - 922 қаралым.

«Мұхтар Әуезовтің классикалық мұрасы әлем мәдениеті контексінде» Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 125 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция, «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы және қазіргі заман» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясы ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылып өткізсе, музей қызметкерлері басқа да ЖОО, музейлер, кітапханалар ұйымдастырған 7 халықаралық, республикалық онлайн конференциялар мен семинарларға қатысып баяндама жасады. 2022 жылы «Музейге сый», «Музей түні» акциялары өткізілді.

2022 жылы Абай музей-қорығы «Семей қаласының Шәкәрім атындағы универсиеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «Алматы қаласы музейлер бірлестігімен, «Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназиясы, №276 орта мектеп КММ атындағы өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойды.

Халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Әлішер Навои атындағы мемлекеттік әдебиет өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойды.

Ғылыми-зерттеу, баспа жұмыстары

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ғылыми концепция жасалды. 2022 жылы Абай музей-қорығы «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы қорының көпфункционалды Web-платформасын жобалау және құру» тақырыбында Семей қаласының Шәкәрім университетімен бірлесіп жобасын, «Абай - Шәкәрім - Мұхтар» тарихи-мәдени және әдеби брендін қалыптастыру» тақырыбында Әлихан Бөкейхан университетімен бірлесіп жобасын дайындады.

2022 жылы «Абай туралы естеліктер» атты кітап демеушілік арқылы жарыққа шықты. Сонымен қатар «Түркістан. Түркі елі», «Еркіндік фәлсафасы: Абай және Алаш алыптары» монографиясы, «Біздің Мағжан» кітаптары жарық көрді.